

«Сейфуллин оқулары – 12: Ғылым жолындағы жастар-болашақтың инновациялық әлеуеті» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-12: Молодежь в науке - инновационный потенциал будущего" . – 2016. – Т.1, ч.2 – Б.62-63

АСТЫҚТЫ АУАМЕН ЕЛЕУ ҮДЕРІСІНІҢ НЕГІЗГІ ПАРАМЕТРЛЕРІН ЗЕРТТЕУ

Қамзин С.

Астықты ауамен елеу үдерісі астық массасындағы компоненттердің аэродинамикалық қасиеттері бойынша ажыратуға негізделген. Астық массасында негізгі дәннен салмағы бойынша жеңіл әртүрлі қалдықтар кездеседі. Оларға жеңіл қалдықтар, яғни шөпшалаң қалдықтардың басым көпшілігі, дән қабықтары мен органикалық қалдықтар, шаң-тозаң жатады. Бұл қалдықтар астықты өңдеу мен сақтау барысында оның сапасына тікелей әсер етеді. Аталған қалдықтарды негізгі дәннен тиімді ажырату- күрделі үдеріс болып табылады. Астық қабылдау орындарында, элеваторларда, ұн зауыттының дайындау бөлімінде аталған қалдықтарды ажырату үшін- астықты ауамен үрлеу үдерісін қолданады және ол ауалы електі сепараторларда жүзеге асырылады[1].

Астықты ауамен үрлеу үдерісінің тиімділігіне көптеген факторлар әсер етеді. Оларды астық құрмының қасиеттері мен ауамен елеу үдерісінің негізгі параметрлері деп қарастыруға болады. Астық құрамындағы ажыратылатын компоненттердің аэродинамикалық өзгешелігі, қоспадағы қалдықтар концентрациясы (“жеңіл” және “ауыр” қалдықтардың ара қатынасы) ажыратудың тиімділігіне әсер етеді. Ауамен елеу аймағына түскен астық құрамындағы компоненттердің өзара соқтығысуы, үйкелісі үдерістің дұрыс жүруіне әсер етеді. Жоғарыда көрсетілген факторлар дақыл түрі мен оның қасиетіне байланысты. Астықты ауамен елеу үдерісіне әсер етуші тағы бір фактор- жұмыс каналы мен ауа ағынының параметрлері. Жұмыс каналындағы ауа ағынының орташа жылдамдығы, ауамен елеу барысында жұмыс каналына берілетін ауаның құрамы, каналдағы ауа ағынының біркелкі таралуы, жұмыс каналына келіп түскен өнімнің жүктемесі негізгі параметрлерге жатады. Сонымен қатар жұмыс каналының өлшемі мен конструкциясы, өнімнің берілу бұрышы мен берілу жылдамдығы, өнімнің елеу аймағына дұрыс берілуін қарастыру өте маңызды.

Астықты қабылдау, өңдеу мен сақтауға дайындау кезеңінде оның құрамындағы әр түрлі қалдықтар бөлініп алынуы тиіс. Бұл кезеңдегі астықта кездесетін негізгі дәнге қарағанда жеңіл қалдықтарға, оларды ажыратып алу

тәсілдеріне, аса назар аудару қажет. Сондықтан астық құрамындағы жеңіл қалдықтардың қасиеттері мен құрамын, оларды негізгі астықтан бөліп алу әдістерін зерттеумен қатар, астықты ауамен елеу үдерісінің негізгі параметрлерін зерттеу өзекті.

Әдебиеттер тізімі

1. Астық кептіру және сақтау технологиясы [Текст] : бакалавр., магистр. және докторанттарға арналған оқулық / Ә. І. Ізтаев [и др.]. Алматы : Экономика, 2012. 502 б.

2. Өсімдік шаруашылығының өнімдерін өңдеу және сақтау [Текст] : ЖОО студенттері және магистранттарына арналған оқулық / Ә. І. Ізтаев [и др.] ; ред. Ә. І. Ізтаев. Алматы : ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. 416 б.

3. Aerodynamic properties of lentil seeds. Shahbazi, Feizollah; Valizadeh, Saman; Dowlatshah, Ali; INTERNATIONAL GROPHYSICS, 2015.391-396б.